


Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
АҚШ			
S&P 500	6 502	▲ 0,83%	▲ 10,8%
NASDAQ	21 708	▲ 0,98%	▲ 12,6%
DJIA	45 621	▲ 0,77%	▲ 7,6%
CBOE Volatility Index (VIX)	15	▼ -6,42%	▼ -14,7%
Еуропа			
FTSE 100	9 217	▲ 0,42%	▲ 11,6%
DAX	2 016	▲ 0,65%	▲ 18,2%
Азия			
Hang Seng	25 059	▼ -1,12%	▲ 27,7%
Nikkei 225	43 030	▲ 2,60%	▲ 7,9%
Shanghai SE	3 766	▼ -1,25%	▲ 15,4%
Қазақстан			
KASE	7 100	▼ -0,42%	▲ 25,0%

Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Бейсенбі күні қор нарықтары сауда-саттықты өсіммен аяқтады: S&P 500 0,83% өсіп \$6 502,08 болды; Nasdaq Composite 0,98% көтеріліп \$21 707,69 жетті; DJI 0,77% қымбаттап \$45 621,29 құрады. S&P 500 секторының 11-інің 9-ы сауда барысында өсім көрсетті. Өсім көшбасшылары Consumer Discretionary (+1,3%), Energy (+1,2%) және Industrials (+1,0%) болды. Аутсайдерлер қатарында Consumer Staples (-0,2%) және Utilities (-0,2%) секторлары.

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	9 440 156 780 341	0,5%	5,4%	26,6%
Consumer Discretionary	6 435 412 048 979	1,3%	6,5%	23,3%
Consumer Staples	3 339 667 040 747	-0,2%	-2,6%	-7,4%
Energy	1 602 792 258 015	1,2%	5,6%	2,7%
Financials	8 124 674 397 381	0,9%	4,1%	16,9%
Industrials	4 559 904 829 161	1,0%	1,7%	17,2%
Information Technology	18 545 489 321 095	0,7%	2,6%	22,4%
Materials	1 032 978 425 971	0,1%	4,4%	-1,5%
Real Estate	1 055 738 207 808	0,8%	2,2%	-6,2%
Utilities	1 156 465 258 202	-0,2%	-3,0%	12,2%
Health Care	5 164 359 280 746	0,3%	5,2%	7,8%

Бейсенбіде АҚШ-тың акциялары мен облигациялары жұмыспен қамту жөніндегі әлсіз статистика аясында қымбаттап, айдың соңына дейін ФРЖ мөлшерлемені төмендетеді деген күтулерді күшейтті. Негізгі фактор – жұма күні жарияланатын тамыз айындағы жұмыспен қамту есебі болмақ.

Алдыңғы күні жарияланған деректер еңбек нарығының баяулауын растады. Жұмыссыздық бойынша жәрдемақыға жаңа өтініштердің саны болжамнан көбірек өсіп, жұмыстан босатулардың артағанын көрсетті. Сонымен қатар, ADP есебі жеке сектордағы жұмыс орындарының өсу қарқыны баяулағанын айқындады. Бұл жұмыс берушілердің кадрларды сақтықпен жалдай бастағанын және мемлекеттік қолдауға мұқтаж адамдардың саны артып келе жатқанын аңғартады. Мұндай деректер ФРЖ-ны алдағы айларда ақша-кредит саясатын жұмсартуға итермелеуі мүмкін.

Осы жағдайда инвесторлардың назары реттеушіге қатысты саяси процестерге де ауды. АҚШ президенті Дональд Трамп ұсынған ФРЖ басқарушылар кеңесіне үміткер Стивен Миран Сенаттағы тыңдауда сөз сөйлеп, ФРЖ тәуелсіздігінің «аса маңызды» екенін атап өтті, мақұлданған жағдайда дербес әрекет ететінін және өзін АҚ үйдің марионеткасы емес екенін жеткізді.

Бұл уақытта шикізат нарығында құбылмалылық күшейді. ОПЕК+ құрамындағы сегіз ел әлемдік нарықтағы үлесін қалпына келтіру үшін өндірісті қосымша арттыру мүмкіндігін талқылауда. Әлемдік мұнай өндірудің шамамен жартысына жауап беретін ұйым сәуірдегі қысқарту стратегиясынан бас тартып, квоталарды тәулігіне 2,5 млн баррельге ұлғайтты. Өндірістің одан әрі өсуі мүмкін екені туралы хабарламалар мұнай бағасының төмендеуіне алып келді.

Goldman Sachs сарапшыларының айтуынша, мұндай қадамдар нарықтағы артық ұсынысты күшейтіп, келесі жылы Brent бағасы барреліне \$50-ға дейін құлдырауы ықтимал. Бұл шамамен 25%-дық қосымша төмендеуді білдіреді.


Макроэкономика мен шикізат нарықтарындағы белгісіздікке қарамастан, қор нарығын технологиялық компаниялардың акциялары қолдады. Broadcom тоқсандық есепті жариялап алдында 1,2% қымбаттап, сауда жабылғаннан кейін де оң болжамдардың арқасында өсуін жалғастырды. Amazon акциялары 4,3% өсіп, тұтынушылық сектордың тәуліктік 2,3%-ға көтерілуіне ықпал етті. JetBlue Airways бортық Wi-Fi сапасын арттыру үшін Amazon Project Kuiper жобасымен әріптестік орнататынын хабарлағаннан кейін бағасы нығайды. Meta Platforms акциялары да 1,6% өсіп, инвесторларға қосымша оптимизм сыйлады.

KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	369	0%	34,6%
Банк ЦентрКредит	5 629	-2%	145,6%
Kcell	3 389	0%	0,3%
Казатомпром	24 878	0%	21,6%
КазТрансОйл	815	1%	-1,0%
KEGOK	1 448	0%	-4,8%
Kaspi.kz	49 852	0%	-9,1%
КазМунайГаз	19 970	0%	36,5%
Эйр Астана	746	0%	-34,8%

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	539,40	-0,01%	2,8%
RUB/KZT	6,40	0,00%	31,5%
CNY/RUB	11,11	0,44%	-20,6%
EUR/USD	1,1649	-0,10%	13,5%

* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>
 Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

Байланыс



Аналитика департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)

Эл.адрес:
analytics@centras.kz

Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Сауда операциялары департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)

Эл.адрес:
trade@centras.kz

Сату департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.